Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің
«Азиада» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Педагогикалық кеңестер

2025-2026 жыл

№1-педагогикалық кеңес

Тақырыбы: « Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, 2025 - 2026 оқу жылына мектепке дейінгі ұйымның қызметін ұйымдастыру және жоспарлау»

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлерін 2025-2026 оқу жылына арналған ҚР Оқу –ағарту министрлігінің әдістемелік –нұсқаулық хатын,жаңа нормативтік –құқықтық актілер мен мемлекеттік бағдарламаларды педагогтерге таныстыру, жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарын талқылау.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. Педагогикалық кеңесті ашу 2. Бейнероликті көру.Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінің бейнеролигі.Қазақстан РеспубликасыОқу ағарту министрлігінің бейнеролигі. 3. Жаңа оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы 20 25 - 2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарау және бекіту: - МДҰ дамуының негізгі басымдықтарын талқылау; - «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру; Талқылау және бекіту: -Бөбекжай -бақшаның жылдық жоспарын - Бөбекжай-бақшаның тәрбиеленушілерінің тізімін бекіту -Педагогтердің оқу жүктемесі (тарификация) -Әдістемелік кеңес жоспарын қарау - ұйымдастырылған іс-әрекеттің регламенті, күн тәртібі; - педагогтердің перспективалық жоспарлары мен циклограмаларын қарау және қабылдау; - 2025-2026 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары;	Тамыз 29.08.2025ж	Меңгеруші Л.М.Байходжаева Әдіскер Г.А.Елубаева Медбике Г.Төрешова педагогтер

- жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау; - аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау; -конкурстық комиссия мүшелерін ұсыну: Балабақшаның ұйымдастырушылық шаруашылық қызметі туралы: -Санитарлық нормалардың сақталуы -Балаларды тамақтандыру нормасы -Қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету -Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібі ережелері -Бөбекжай бақшаның жұмыс кестесін бекіту - Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысының нәтижелері туралы талдамалық есеп жасау 6. КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру		
№1-педагогикалық кеңеске дайындық		
1. Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысының нәтижелері туралы талдамалық есеп жасау. 2. МДҰ 2025-2026 оқу жылындағы жұмыс қорытындыларын талқылау. 3.Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру, педагогтерді аттестаттаудан өту кестесін құру. 4 ұйымдастырылған іс-әрекет регламентін, МДТО МЖМБС талаптарына сәйкес күн тәртібін әзірлеу.		МДҰ педагогтері

№1 педагогикалық кеңеске педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: « Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, 2025 - 2026 оқу жылына мектепке дейінгі ұйымның қызметін ұйымдастыру және жоспарлау»»

Күні: 29 тамыз 2025 жыл

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Байходжаева Ляля Мукышевна	Меңгеруші	
2.	Елубаева Гулжан Аширалиевна	Әдіскер	
3.	Базарова Бексұлу Мэлсовна	Музыка жетекші	
4.	Егембердиева Жанат Ұзақбайқызы	Тәрбиеші, Педагог-психолог	
5.	Ақшалова Жанат Шарипбаевна	Тәрбиеші	
6.	Ходжабаева Үмитжан Дуйсебаевна	Тәрбиеші	
7.	Абилова Құралай Сайлауовна	Тәрбиеші	
8.	Туляева Элизат Амангельдиевна	Тәрбиеші	
9.	Спатаева Мадина Абдукаримовна	Тәрбиеші	
10.	Ахтасова АйнарУйсимбаевна	Тәрбиеші	

№1 хаттама
педагогикалық кеңес

29тамыз 2025 жыл

Педкеңес төрайымы: Байходжаева Л.М.
Педкеңес хатшысы: Ақшалова Ж- тәрбиеші
Тақырыбы: « Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, 2025 - 2026 оқу жылына мектепке дейінгі ұйымның қызметін ұйымдастыру және жоспарлау»»
Мақсаты: Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлерін 2025-2026 оқу жылына арналған ҚР Оқу –ағарту министрлігінің әдістемелік – нұсқаулық хатын,жаңа нормативтік –құқықтық актілер мен мемлекеттік бағдарламаларды педагогтерге таныстыру, жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарын талқылау.
Жүргізілу түрі: Аналитикалық жоспарлау
Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:

Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңесті ашу
2. Бейнероликті көру.Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінің бейнеролигі.Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің бейнеролигі.
3. Жаңа оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы

4 «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру;

Талқылау және бекіту:

-Бөбекжай -бақшаның жылдық жоспарын
- Бөбекжай-бақшаның тәрбиеленушілерінің тізімін бекіту
-Педагогтердің оқу жүктемесі (тарификация)
-Әдістемелік кеңес жоспарын қарау
- ұйымдастырылған іс-әрекеттің регламенті, күн тәртібі;
- педагогтердің перспективалық жоспарлары мен циклограмаларын қарау және қабылдау;
- 2025-2026 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары;
- жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау;
- №57 бұйрыққа сәйкес кокурстық комиссияның мүшелерін ұсыну.
- аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау;

4.Балабақшаның ұйымдастырушылық шаруашылық қызметі туралы:

-Санитарлық нормалардың сақталуы
-Балаларды тамақтандыру нормасы
-Қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету
-Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібі ережелері
-Бөбекжай бақшаның жұмыс кестесін бекіту
- Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысының нәтижелері туралы талдамалық есеп жасау

КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру»

І ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық кеңесті ашу.

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай бақша меңгерушісі Ляля Мукышқызы педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылы шығармашыл, табысты болсын деп, келесісөз кезегі бөбекжай бақшамыздың әдіскері Гулжан Әшірәлікызында

Сөйледі: Әдіскер Гулжан Әшірәлікызы құрметті әріптестер жаңа оқу жылы табысты,шығармашыл жыл болсын! Бүгінгі педагогикалық кеңесімізде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінің бейнеролигіне және Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің бейнеролигі назар аударайық.

Әріптестер 15 тамызда Астанада еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен ұстаздардың республикалық Тамыз конференциясы өтті. Мемлекет басшысы білім беру саласындағы негізгі басымдықтарды айқындап берді. Біздің ортақ міндетіміз – олармен танысып, іске асыру.

Тамыз конференциясында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі саланың жетістіктері мен алдағы жоспарларын жан-жақты атап өтті. Біз бұл бағыттарды жұмысымыздың негізі етуіміз қажет.

Басты бағдарымыз – «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы. Бұл – әр ҰІӘке , іс-шараға енгізілуі тиіс . Бағдарламаның мақсаты – білімді, отаншыл және жасампаз ұрпақ қалыптастыру. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы 6 базалық құндылық аясында жүргізіліп, әр ай белгілі бір құндылыққа арналады. Мысалы, қыркүйек – еңбекқорлық пен кәсібилік айы, қазан – тәуелсіздік пен патриотизм айы. Мұның барлығы сіздердің перспективалық жоспарларыңыз бен тәрбие жоспарына енгізілуі тиіс.

Екінші маңызды бағыт – жасанды интеллектіні (ЖИ) оқу процесіне енгізу. Бұл – Мемлекет басшысының тапсырмасы. Сіздер өздеріңіз өткізетін әр іс-шараға жасанды интелектті жүйелі түрде енгізуді қолға алу.

Үшінші маңызды мәселе – педагог мәртебесі. Мемлекет басшысы педагогтерді өзіне тән емес жұмыстарға тартудың жол берілмейтінін қадап айтты. Педагогтің басты міндеті – оқыту және тәрбиелеу.

Төртінші басымдық – қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету.

Бұл бағытта екі жаңа бастама қолға алынады:

– Біріншісі – буллингке қарсы команданы қалыптастыруға бағытталған «ДосболLIKE» буллингінің алдын алу бағдарламасын енгізу.

– Екіншісі – медицина қызметкерінің жаңа рөлі. Енді медқызметкер тек алғашқы медициналық көмек көрсетіп қана қоймай, педагогтермен тығыз байланыста тәрбиелік жұмысқа да қатысады.

Соңында, биылғы ең маңызды өзгерістердің бірі – ата-аналар комитеттерінің жұмысын трансформациялау. Жаңа «Республикалық ата-аналар комитеті туралы

ереже» әзірленіп, барлық деңгейде өзара әрекеттесудің нақты тік құрылымы белгіленді.

Әріптестер, біздің басты міндетіміз – «мектеп – ата-ана – қоғам» қағидаты бойынша шынайы серіктестік орнату.

Қаулы етті: Тамыз конференциясында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі саланың жетістіктері мен алдағы жоспарларын жан-жақты атап өтті. Біз бұл бағыттарды жұмысымыздың негізі етуіміз қажет.

II ТЫҢДАЛДЫ: Бөбекжай бақша әдіскері Гулжан Әшірәлікызы ҚР Оқу –ағарту министрлігінің әдістемелік –нұсқаулық хатындағы тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыруда қолданыстағы заңнама нормаларын сақтау, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын (бұдан әрі - Стандарт), Үлгілік оқу жоспарларын (бұдан әрі – Үлгілік жоспарлар), Үлгілік оқу бағдарламасын (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) іске асыруға бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру мақсатында әзірленді.

Әдістемелік нұсқау хатта:

- тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарын басшылыққа алу;
- қауіпсіздікті қамтамсыз ету;
- МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- балаларға қазақ тілін үйрету;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- экологиялық мәдениет, құқықтық және қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;
- мерекелік шараларды ұйымдастыру (мерекелер, ертеңгіліктер, сауықкештер);
- ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әрбір балаға қолайлы, қауіпсіз, дамытушы білім беру ортасын құру басты назарда болуы тиіс.

Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне[1] *(бұдан әрі – Тұжырымдама)*, білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде *(бұдан әрі – МДТО)* жұмыстың мынадай бағыттары өзектендірілді:



✓ МДҰ балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;

✓ оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру;

✓ «Жасыл балабақша» желісін кеңейту - экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;

✓ Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;

✓ «Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану арқылы балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды ағарту;

✓ ауылдық жерлерде «Құзыреттілік орталықтары» желісін кеңейту және «Құзыреттілік орталықтары» - жеке мектепке дейінгі ұйымдар санын ұлғайту;

✓ әдістемелік орталықтар (кабинеттер) жанында мобильді топтардың қызметін жетілдіру;

«Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша жазғы кезеңде мектепалды даярлықты ұйымдастыру.

МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін алдымен тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортаның құрылуына ерекше назар аудару қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (*бұдан әрі- Үлгілік қағидалар*)[2] сәйкес МДҰ-ның негізгі міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау.

Мектепке дейінгі ұйымда балалардың күні бойы қауіпсіз болуының алдын алу үшін:

- тәрбиелеу-білім беру процесіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету,
- басшының қызметкерлердің әрекетіне бақылауды күшейту,
- алдын алу шараларын уақтылы жоспарлау;

✓ баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау ұсынылады.

✓ МДҰ «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылады.

✓ Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу күні бойы – режимдік сәттерде, ұйымдастырылған іс-әрекетте және балалар әрекетінің басқа да түрлерінде жүзеге асырылады.

✓ Стандарт9 талаптарында әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу, ұлттық бірегейліктің, азаматтық пен патриотизмнің негіздерін қалыптастыру міндеті көзделген

Бағдарламаның мақсаты: тәрбиеленушінің қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде

✓ азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, арұждан, рухани- адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған жеке басын қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

✓ Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

✓ Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

✓ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық

✓ және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

✓ Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту: елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

✓ отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас

✓ қалыптастыру; өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен

✓ бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу; әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

✓ Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру: айналасындағылармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және

✓ әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу; өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын

✓ қалыптастыру; біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

✓ Тәрбиеленушінің жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

✓ әрбір тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау

✓ тәсілдемелерін қамтамасыз ету; білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал

✓ қалыптастыру; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету; отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

КҮНДЕЛІКТІ:

✓ «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут», «Үнемді тұтыну», «Күй күмбірі». АПТА САЙЫН: «Менің Қазақстаным», Аптаның дәйексөздері, «Қауіпсіздік сабағы», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Аталар мектебі» жобалары ұсынылады. «Адал азамат» біртұтас бағдарламасын бөбекжайға енгізу арқылы балалардың бойында ұлттық құндылықтарды сіңіру, ата-аналарды әр түрлі жобалар арқылы бөбекжай жұмысына тартуды жыл бойы жалғастыру керек, - деді.

Қаулы етті: Әдістемелік нұсқаулық хатты жұмыс барысында қолдану. «Адал азамат» біртұтас бағдарламасын бөбекжай жұмысында қолдануды басшылыққа алу.

III ТЫҢДАЛДЫ: Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгерушісі Ляля Мукышқызы жылдық жоспармен таныстырып, ондағы алдағы атқарылатын іс- шаралармен қысқаша таныстырып өтті.

Жылдық жоспардың мақсаты балаларды табиғатқа жауапкершілікпен және қамқорлықпен қарауға баулу, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, , балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата аналарға көмек көрсету арқылы оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту.

Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйымныңманызды актісі болып табылады. Ол «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.Қойылған міндеттерге сәйкес жылдық жоспар келесі құрылымдық компоненттерді қамтиды.

Өткен жылғы жұмысты талдау.

Жоспарлаудың тиімділігі көбінесе өткен жылдағы жоспардың орындалуынсапалы талдауға байланысты, оның негізінде алдағы жылға арналған міндеттер анықталады. Жоспар бөлімдері бойынша құрылымның нақты болуы мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін талдауға қойылатын негізгі талаптар болып табылады деп, денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету, мектепалды топ балаларының мектепте оқуға дайындық деңгейі талданады (Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мектепалды топ балаларының қорытынды мониторингі). Әрі қарай, осы бөлім бойынша жалпы қорытындылар; педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері, оларды аттестаттау және біліктілігін арттыру; келесі жылға педагогтердің әдістемелік көмекке өтінімдері ; МДҰ-дағы әдістемелік жұмыс жүйелері талданады. мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектептің бірлескен жұмыс жоспарларының орындалуы; басқа ұйымдармен жұмыс нәтижелері талданады. Жалпы тұжырымдар; әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары талданады және балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуының материалдық-техникалық және медициналық-әлеуметтік жағдайлары бағаланады. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі міндеттері ағымдағы оқу жылында Үлгілік оқу бағдарламасы мен Жылдық жоспарды іске асыруды талдаубарысында анықталған мәселелер болып табылады. Жылдық жұмыс жоспарында қызмет бағыттары бойынша негізгі міндеттер айқындалады. Міндеттер әрбір мектепке дейінгі ұйым үшін басты болып табылады және өткен жылғы жұмысты талдау негізінде анықталады, оның барысында

жұмыстағы проблемалық сәттер айқындалады, - деп жылдық міндеттерді шешуге бағытталған іс шараларға тоқталып өтті.

Қаулы етті: Бөбекжайдың жылдық жоспары бекітілсін.

IV ТЫҢДАЛДЫ.

2025-2026 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары;
- жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау;

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай әдіскері Г.А. Елубаева бүгінгі таңда бөбекжай бақшамызда НОБД бойынша 78 бала. «Балдәурен» мектепалды топ 23 бала, «Балауса» ересек топта 23 бала, «Балбұлақ» ортаңғы топта21 бала,кіші топ балаусада15 бала бөбекжай-бақшаның тәрбиеленушілерінің тізімін бекітуге ұсыныс жасады.Педагогтердің оқу жүктемесі 2024-2025 оқу жылындағыдай еш өзгеріс жоқ,күн тәртібі Үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер енгізілді: Сөйлеуді дамыту-Тіл дамыту болып өзгертілді.Педагогтердің перспективалық жоспары мен апталық циклограммасы нормативке сай жасалып бекітуге ұсынылды.

Бөбекжайда ауқымды жұмыстардың бірі әдістемелік жұмыс екенін, оны дұрыс ұйымдастыру, дер кезінде педагогтарға әдістемелік көмек көрсетілуі керек екенін айта келіп, әдістемелік кеңес төрайымы әдіскер Г.Елубаева, хатшысы Қ.Абилованы ұсынды. Әдістемелік кеңес отырыстарының шешімдері хаттамамен тіркеліп отырылатынын айтты. Әдістемелік кеңестің жоспары құрылды.

2025-2026 оқу жылы төмендегідей педагогтердің өз білімін жетілдіру курсы мезгілі аяқталуына байланысты курстан өтуге тиісті .Меңгеруші Л.М.Байходжаева,тәрбиешілер: Абилова Қ.С.Темербекова Ж.Е,гембердиева ,дене тәрбие нұсқаушысы Ақжанова Э.М.,музыка жетекші Базарова Б.М.

Келесі мәселеміз 2025-2026 оқу жылында педагогикалық кеңестің төрайымы мен хатшысын сайлау. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ,бастауыш,негізгі орта,жалпы орта және ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырындағы №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»Педагогикалық кеңестің құрамы мен оны сайлау тәртібіне енгізілген өзгерісккке байланысты : Бөбекжай бақша меңгерушісі Ляля Мукышқызы педагогикаық кеңестің төрайымы,педагогикалық кеңес хатшысы болып Ақшалова Жанат Шарипбайқызын ұсынамын,мүшелікке барлық педагогтар кіреді.Педагогикалық кеңестің құрамы бір оқу жылына білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Келесі мәселеміз 2025-2026 оқу жылында Аттестаттау комиссиясының мүшелерін сайлау.атесттатау комиссиясының төрайымы бөбекжай бақша меңгерушісі Л.М.Байходжаева, мүшелеріне төмендегі педагогтерді ұсынамын:әдіскер Г.А.Елубаева,тәрбиешілер:Ж.Темербекова,Ж.Ақшалова,М.Спатаева, дене- тәрбие нұсқаушысы Э.Ақжанова, музыка жетекші Б.Базарова.комиссия хатшысы тәрбиеші Абилова Құралайды ұсынамын.

Келесі мәселеміз 2025-2026 оқу жылына «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау лауазымнан босату

туралы» қағидаларын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2025 жылғы31 наурызындағы №57 бұйрыққа сәйкес кокурстық комиссияның мүшелерін ұсыну.Комиссия мүшелеріне төмендегі педагогтерді ұсынамын: Туляева Элизат,Ақшалова Жанат,Базарова Бексулу,хатшысы Қожамбердиева Толқынды .

Қаулы етті: Педагогикалық кеңестің құрамы бекітілісін.

Әдістемелік кеңес құрамы бекітілсін.

Атесттатау комиссия мүшелері сайлансын.

№57 бұйрыққа сәйкес кокурстық комиссияның мүшелері ұсынылсын.

V ТЫҢДАЛДЫ: Балабақшаның ұйымдастырушылық шаруашылық қызметі туралы
- Санитарлық нормалардың сақталуы
-Балаларды тамақтандыру нормасы
-Қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай бақша медбикесі Төрешова Гулжан бөбекжай бақшада Санитарлық нормалардың сақталуын сақтау. Санитариялық ережелерге және мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларына сәйкес балалардың тамақтануын ұйымдастырудың талаптарын сақтау. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың күні бойы қауіпсіз болуының алдын алу үшін:
-мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша,
-мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтануды ұйымдастыру және бақылау бойынша,
-серуен кезінде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдарды пайдалану.

Қаулы етті: Санитарлық нормалар сақталуын қадағалау
Қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуді қадағалау

VI ТЫҢДАЛДЫ:
-Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібі ережелері
-Бөбекжай бақшаның жұмыс кестесін бекіту
- Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысының нәтижелері туралы талдамалық есеп жасау

СӨЙЛЕДІ:Бөбекжай бақша меңгерушісі Байходжаева Ляля Мукышевна бөбекжай қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібі ережелерімен таныстырып ,жұмыс кестесін бекіту туралы айтып өтті. Әдіскер Г.Елубаева жаз мезгілінде балабақшаның сауықтыру іс-шаралары жоспар бойынша медбике Г.Төрешованың жетекшілігімен сауықтыру шаралары уақытылы өткізіліп, әдіскер тарапынан басшылыққа алынды. Тәрбиешілер таңертеңгі қабылдауды учаскелерде ұйымдастырып, музыка жетекшісі таңғы жаттығуды есік алдында жүргізді. Айына бір рет медбике ата-аналарға жаз мезгілінде болатын жұқпалы аурулар және олардың алдын-алу туралы кеңестер берді. Тәрбиешілер әр аптаның бесінші күні балалармен апталық тақырыпты қорытындылау

есебінде тақырыпқа сай ойын-сауықтар өткізді. Барлық өткізілген жұмыстар тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау, денсаулық мәдениеті,-деді.

Қаулы етті: Жазғы сауықтыру шараларының орындалуы қанағаттанарлық.

VII ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгерушісі Ләйля Мукышовна ағымдық құжаттарды бекітуге тоқталып өтті. Педагогтардың өзіндік білім жетілдіру тақырыптарын қарау, өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша жобалар дайындау, «Әжемнің ертегісі» жобасын әрі қарай жалғастыру, басылымдарға мақалалар беру, әр түрлі деңгейдегі байқауларға, семинарларға қатысу қажеттілігін айтты, 5 педагог 2024-25 оқу жылына жоспарланып отырылғанын айтты.

Педагогикалық кеңес төрайымы Л.Байходжаева әртүрлі мәселелерді қарастыру барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің салалық көтермелеу жүйесі ҚР Білім және ғылым министрінің пдагог қызметкерлерді марапаттау туралы 29.07.2021 №372 бұйрығына сәйкес Ұстаздар күні және Республика күні мерекесіне байланысты ұйым педагогтерін марапаттау мәселесін қарастыруды ұсынып, сөзді бөбекжай кәсіподақ ұйымының төрайымы Қожамбердиева Толқынға ұсынды.

1.Кәсіподақ ұйымының төрайымы Қожамбердиева Т марапаттауға бөбекжай тәрбиешісі Ходжабаева Үмитжан мен Спатаева Мадинаның кандидатурасын қарастыруды ұсынды.

2.Одан әрі бөбекжай педагог-психологы Егембердиева Жанат тәрбиешілердің бөбекжайдағы қызмет көрсеткіштерін оқып, оларды марапаттауға ұсынуға қарсы еместігін білдірді.

Ұсынылды: БөбекжайтәрбиешілерХоджабаева Үмитжан мен Спатаева Мадинаны Ұстаздар күні мерекесі қарсаңында аудандық білім бөлімінің Алғыс хатына марапаттауға ұсынылсын.

Дауыс берді: «марапаттауға» - 10, «марапаттауға қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспары мен педагогикалық кеңес құрамы бекітілсін.
Мерзімі: тұрақты
Жауаптылар: директор, әдіскер.

2. Мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, күн тәртібі және тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспары, циклограммалары бекітілсін және әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа алып жұмыс жүргізілсін.
Мерзімі: тұрақты
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

3. Тілдер туралы Заңының орындалысы бойынша жауапты тұлға бекітілсін. Тілдер күніне орай жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сай өткізілсін.
Мерзімі: 1-5 қыркүйек
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

4. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бөбекжай жұмысына енгізілсін.
Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.
5. Мадақтауға үміткер бөбекжай тәрбиешілері Ходжабаева Ү пен Спатаева М көп жылғы нәтижелі еңбегі және қол жеткізген еңбек табыстары үшін марапатқа беруді бірауыздан қолдады.

СӨЙЛЕДІ: негізі арқылы келесі тапсырмалардың шешімін табуға мақсатқа жетуге бағытталды әдіскер Г.Елубаева жаз мезгілінде балабақшаның сауықтыру іс-шаралары жоспар бойынша медбике Г.Төрешованың жетекшілігімен сауықтыру шаралары уақытылы өткізіліп, әдіскер тарапынан басшылыққа алынды. Тәрбиешілер таңертеңгі қабылдауды учаскелерде ұйымдастырып, музыка жетекшісі таңғы жаттығуды есік алдында жүргізді. Айына бір рет медбике ата-аналарға жаз мезгілінде болатын жұқпалы аурулар және олардың алдын-алу туралы кеңестер берді. Тәрбиешілер әр аптаның бесінші күні балалармен апталық тақырыпты қорытындылау есебінде тақырыпқа сай ойын-сауықтар өткізді. Барлық өткізілген жұмыстар тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау, денсаулық мәдениеті,-деді.

Қаулы етті: Жазғы сауықтыру шараларының орындалуы қанағаттанарлық.

Педкеңес төрайымы **Байходжаева Л.М.**

Педкеңес хатшысы **Ақшалова Ж.**

№2 педагогикалық кеңес
Мерзімі: 29.11.2025 жыл

№ 2 педагогикалық кеңес **Тақырыбы:** «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың замануи құралдарын пайдалану» **Мақсаты:МДҰ** инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану арқылы тәрбие білім беру жұмысының сапасын арттыру. Өтілу түрі: Тақырыптық. Күн тәртібі: 1.№1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Ашық есік күнінде ҰІӘ дің қорытындысы. 3. Тақырыптық бақылау нәтижелері:жазу 4. Педагогикалық жәрмеңке :біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтердің кәсіби тәжірибесінің нәтижесі портфолиесын дайындау. 5.Абай бол балақай ! видиоролик 6. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында деңсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану,» баяндама 7.Инклюзивті білім берудің маңызы мен ерекшеліктері.Баяндама 8. «Ынтымақтастық негізі»Тренинг 9. Ағымдағы мәселелер **Келесі педкеңеске тапсырма:** «тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс,бейімделу ,коммуникативтік,эмоционалдық,әлеуметтік,когн итивтік ,танымдық дағдыларын ойын арқылы қалыптастыру» дидактикалық ойындар көрме ұйымдастыру.	Қараша	Меңгеруші Л.М.Байходжаева Әдіскер Г.Елубаева Педагог-психолог – Ж.Шыныбек Әдіскер:Елубаева Г. Психолог шыныбек Ж Логопед Ағыбаева Б Дене тәрбие нұсқаушысы Ақжанова Э Барлық педагогтер.

№2 педагогикалық кеңеске педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: «**МДҰ** инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану»

Мерзімі: 29.11.2025 жыл

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Байходжаева Ляля Мукышовна	меңгеруші	
2.	Елубаева Гулжан Аширалиевна	Әдіскер	
3.	Базарова Бексұлу Мэлсовна	Музыка жетекші	
4.	Егембердиева Жанат Ұзақбайқызы	Тәрбиеші	
5.	Қожамбердиева Толқын Туребекова	Тәрбиеші	
6.	Спатаева Мадина Абдукаримовна	Тәрбиеші	
7.	Абилова Құралай Сайлауовна	Тәрбиеші	
8.	Туляева Элизат Амангельдиевна	Тәрбиеші	
9.	Ақшалова Жанат Шарипбаевна	Тәрбиеші	
10.	Темербекова Жанар Ермековна	Тәрбиеші	
11	Ақжанова Эльмира Мырзахметқызы	Дене тәрбиесі нұсқаушы,	
12	Шыныбек Жансая Талғатқызы	психолог	
13	Ағыбаева Баян Әділханқызы	логопед	

№2 хаттама
педагогикалық кеңес

29 қараша 2025 жыл

Педкеңес төрайымы: Л.М.Байходжаева-меңгеруші
Педкеңес хатшысы: Ақшалова Ж.Ш
Тақырыбы: ««МДҰ инновациялық ортасында оқытудың замануи құралдарын пайдалану»

Мақсаты: МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану арқылы тәрбие білім беру жұмысының сапасын арттыру.

Жүргізілу түрі: Тақырыптық
Қатысқандар: 13.

Күн тәртібі:
1.№1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

2. Ашық есік күнінде ҰІӘ дің қорытындысы.

3. Тақырыптық бақылау нәтижелері:жазу

4. Педагогикалық жәрмеңке: біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтердің кәсіби тәжірибесінің нәтижесі портфолиесын дайындау.

5.Абай бол балақай ! видиоролик

6. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында деңсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану» баяндама
7.Инклюзивті білім берудің маңызы мен ерекшеліктері.Баяндама

8. «Ынтымақтастық негізі»Тренинг
9. Ағымдағы мәселелер

Келесі педкеңеске тапсырма:«Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс,бейімделу ,коммуникативтік,эмоционалдық,әлеуметтік,когнитивтік ,танымдық дағдыларын ойын арқылы қалыптастыру» дидактикалық ойындар, көрме ұйымдастыру.

І ТЫҢДАЛДЫ: №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгерушісі Байходжаева Л.М. өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына қысқаша тоқталып өтті. Педагогикалық кеңестің өткендегі шешімі бойынша барлық топтарда педагогтердің перспективалық жоспарлары құрылды, жұмысты жоспарлау Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатқа сәйкес жүргізілді, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізуі міндетті құжаттар тізбесін жүргізуді, ата-аналарға арналған ақпарат жаңартылуын әкімшіліктің тұрақты бақылауында ұстау. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, және т.б. қатысуы тұрақты негізде жүргізіледі.

« Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасы бөбекжай жұмысына енгізіліп, бағдарлама аясында жұмыстар жүгізілуде, - деді.

Қаулы етті: Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

ІІ ТЫҢДАЛДЫ: «Балабақша мен отбасының қазіргі заманғы өзара әрекеттесу мәселелері»

СӨЙЛЕДІ: Екінші мәселе бойынша әдіскер Г.А.Елубаева сөз алды.

Биылғы 2025-2026 оқу жылының жоспарына сәйкес 10-20 қараша аралығында барлық топтарда Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер көрсетілді. Ашық ұйымдастырылған іс -әрекеттер жақсы өтілгендігін,танымдық дағдыларын дамыту балалардың логикалық ойлау қабілеттерінің дамуына,ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетінің айтып өтті.Алдағы уақытта осындай ашық іс әректтерге барлық педагогтер мұқият қатысып ,ой түртіп алуын ескерте кетті.Сонымен қатар ашық іс -әрекетке қолданылған көрнекіліктердің жақсы екендігін ,балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайы бар екендігін айта өтті,бұл дегеніміз балалардың ойын түрінде ұйымдастырылған іс әрекетке қызыға қатысатындығы көп нәрсені ойына түйетіндігін айта кетті. Осы ашық ұымддастырылған іс әрекеттерді өткізіп отырған тәрбиешілер МАД тобында Ақшалова Жанат тақырыбы: «Сиқырлы сандар», тақырыбы «Қызықты математика»Темербекова Жанар, Балауса ересек тобында тақырыбы «Жолда жүру ережесін сақтайық»Туляева Элизат, қауіпсіздік бойынша Абилова Құралай тақырыбы «Өзімді қорғай білемін» , кіші топ Балапанда тақырыбы «Жемістер» Егембердиева Жанат, Балбұлақ ортаңғы тобында «Жол тәртібін сақтайық» Спатаева Мадина,Қожамбердиева Толқын әр педагог жас ерекшелігіне сай жақсы дәрежеде өткендігіне тоқталып өтті. Алдағы уақыта барлық педагогтерге жасанды интелектпен шығармашылық,іздемпаздық, жаңашыл ұйымдастырылған іс әрекеттер күтеміз.

Қаулы етті: Ашық есік күнінде ҰТӘ дің қорытындысы жақсы.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: «Тақырыптық бақылау нәтижелері»

СӨЙЛЕДІ: Үшінші мәселе бойынша бөбекжай бақша меңгерушісі Ляля Мукышовна тақырыптық бақылау нәтижелеріне тоқталып өтті:

-тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін бағалау;
- заттық-дамытушылық ортаны бағалау;
- баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде STEM-технологияларды енгізудің тиімділігі.
-«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жоспарының жүзеге асыру нәтижелері.

Тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігі ұғымы педагогтың жеке мүмкіндіктерін білдіреді,ол педагогкалық ситуацияларды дербес және тиімді шешуге ықпал етеді,педагог педагогикалық теорияларды және оны тәжірибеде қолдануды білуі керек.Педагогтың құзыреттілігі дегеніміз-кәсіби іс-әрекетті орындаудағы теориялық және тәжірибелік дайындықтарының бірлігі. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі үшін психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдерді меңгеуі керек,сонымен бірге ол білімдерін нақты бір ситуацияларды қолдана алуы қажет. Педагогтердің кәсіби құзіреттілігін дамыту білім сапасын көтерудің басты шарты. Бөбекжай бақшамыздағы педаготердің 100% білім сапасын өз білімін арттыру курстарына қатысқан.

Барлық топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сай Үлгілік оқу бағдарламаға сәйкес заттық-дамытушы орта құрылған, мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар балаға дене,зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдай жасалған, қауіпсіз, жәйлі, балаға қолжетімді бұрыштар бар.

Баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде STEM-технологияларды енгізудің тиімділігіне тоқталып өтсем: Мектепке дейінгі ұйымда LEGO құрастырудың көмегімен балалар робототехниканың алғашқы дағдыларын меңгере бастаған кезден, яғни STEAM-білім беру мектепке дейінгі ерте жастан басталуы керек. Ең алдымен, бұл білім беру процесін жобалар түрінде ұйымдастырудан тұрады, онда балалар тапсырмаларды шешу үшін топтарда жұмыс істейді. STEM бағдарламасы бойынша әр сабақ қандай да бір мәселенің шешімін іздеуді білдіреді, сыни ойлау дағдыларын дамытады. Сондықтан өмірдегі қиын жағдайлар ауыр күйзеліс тудырмайды, балаға күшін жұмылдыруға және шешім табуға көмектеседі. STEM--тәсіл жаңа тақырыпты, түсініксіз саланы жылдам түсінуді үйретеді, бұл күн сайын өзгеріп жатқан қазіргі таңда өте өзекті: инновациялық технологиялардың жаппай енгізілуі, көптеген функциялары бар заманауи гаджеттер шығуы. Тіпті адам ғылым мен техникадан алшақ жатқан саланы таңдаса да, STEM форматында оқытудан өткен адамды ештеңе қорқыта алмайды.

Ерте балалық шақ – болашақ білімнің, мінездің, темпераменттің, тұлғалық қасиеттердің, ерекше қабілеттер мен дарындардың негізін қалау үшін ең жақсы уақыт. Мектепке дейінгі жастың өзінде STEAM құзыреттілігін қалыптастыруға болады: ермексазбен мүсіндеу және модельдеу дағдыларын дамыту, тұзды қамырдан ойыншықтар жасау және осы арқылы заттардың ұзындығы, ені және биіктігімен танысу немесе қатты қағаздан (картон) көлемді құрылыстар жасау. Үй жағдайындағы осындай пайдалы ойындар мектепке дейінгі ұйымдарда, кейіннен мектепте де жалғасын тапқаны өте

жақсы. Компоненттік жүйе – мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру-тәрбиелеу үдерісіне STEM технологиясын енгізу ерекшеліктерінің бірі.
Әртүрлі мәселелердің стандартты емес шешімдерін таба алу өзіне сенімділігін арттырады.Командалық жұмыс қарым-қатынас дағдыларын дамытады, компромисс шешімдер іздеуді, өз көзқарасын білдіруді және басқалардың пікіріне сабырмен қарауды үйретеді. Сондықтан жаңа технологиядан қорықпай өз тәжірибемізге пайдалануға шақырамын.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы балабақшада ұлттық құндылықтарды (патриотизм, әділдік, еңбекқорлық, отбасы құндылықтары, экологиялық мәдениет) бойға сіңіруге арналған, 2025-2026 жылдан бастап енгізілген маңызды бағдарлама, оның негізінде жас ұрпақты тәрбиелеу жүйелі түрде жүзеге асырылады.
Бағдарламаның негізгі мақсаты:
Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу.
Патриоттық сезімді қалыптастыру.
Әділдік пен жауапкершілікке тәрбиелеу.
Еңбекқорлық пен адалдықты насихаттау.
Тәрбиенің үш негізгі бағыты:
Ұлттық бірегейлікті сақтау: Қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен тілі арқылы ұлттық сананы қалыптастыру.
Қоғамға қызмет ету: Отбасы құндылықтарын нығайту, азаматтық жауапкершілік пен қоғамға пайдалы істерге баулу.
Экологиялық мәдениетті қалыптастыру: Табиғатты қорғау, салауатты өмір салты мен экологиялық сананы дамыту.
Негізгі бағыттарға тоқтасақ:
Тәуелсіздік пен отаншылдық.
Бірлік пен ынтымақ.
Әділдік пен жауапкершілік.
Заң мен тәртіп.
Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік.
Жасампаздық пен жаңашылдық.
Ал, келесі мәселеміз « Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелері жақсы дәрежеде,жоспар бойынша орындауда.

Қаулы етті: Тақырыптық бақылау нәтижелері қанағаттандыралық.

IV ТЫҢДАЛДЫ. Педагогикалық жәрмеңке: біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтердің кәсіби тәжірибесінің нәтижесі портфолиосын дайындау

СӨЙЛЕДІ: Төртінші мәселе бойынша бөбекжай бақша әдіскері Гулжан Аширалиевна сөзге шықты: Қазақстан РеспубликасыОқу-ағарту министрінің2024 жылғы «02 сәуір» №72 бұйрығына № 1 қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген бұйрығына сай жұмысты жалғастыру.Биылғы оқу жылында былтырғы оқу жылында ПББ дан аз балл алып өте алмаған педагогХоджабаева Үмитжан ,Ахтасова Айнар және Егембердиева Жанат тың құжаттарын саралап ұстаз платформасына жүктеу жұмысын жалғастыру.

Қаулы етті: біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтың құжаттарын Үстаз платформасына жүктеу.

V ТЫҢДАЛДЫ: бөбекжай бөлімі психологі Шыныбек Жансая дайындаған «Абай бол балақай» атты видиоролигін тамашалауды ұсынды.Өмір ең қымбат ,одан қымбат еш нәрсе жоқ. Адамның ең негізгі мақсаты,сол өмірді сақтап қалу.әрбір бала мен ата-ана қауіпсздік ережесін міндетті түрде білуі керек. Қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау түрлі қауіптің алдын алып,жарақат алудан немесе басқада оқыс жағдайлрдың алдын алады.Қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін бірнеше түрге бөліп қарастырайық: Үй ішіндегі қауіпсіздік,электр құралдарын пайдалануда,отшашу кезіндегі ,топтағы қауіпсіздік,өрт қауіпсіздігі, серуен кезіндегі қауіпсіздік т.б

Қаулы етті: Қауіпсіздік ережесін сақтау

VI ТЫҢДАЛДЫ: Сөзге дене тәрбие нұсқаушысы Ақжанова Эльмира шықты. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында деңсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, инновациялық оқытудың заманауи құралдарын пайдалану» баяндамама назар аударуыңызды сұраймын.

Қаулы етті: инновациялық оқытудың заманауи құралдарын пайдалану.

VII ТЫҢДАЛДЫ:Сөзге логопед Ағыбаева Баян Әділханқызы шықты .

Инклюзивті білім берудің маңызы мен ерекшеліктеріне тоқталып өтсем. Инклюзивті білім беру – барлық балалардың, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың да жалпы білім беру жүйесінде тең мүмкіндікпен білім алуын қамтамасыз ететін процесс; бұл оқыту үрдісін барлық баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне бейімдеуді, дискриминацияны жоюды және әр баланың өзіне деген сенімін арттыруды көздейді. Мұнда мектеп балаға бейімделеді, арнайы жағдайлар жасалады, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі, нәтижесінде балалар бірге оқып, бір-біріне үйренеді, адамгершілікке тәрбиеленеді.назарларынызды экрандағы видиоролиге аударуларыныздыы сұраймын

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгерушісі Байходжаева Ляля Мукышкызы алдағы жасалатын жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті. Желтоқсан айында өтетін мерекелерге дайындық жұмыстары, топтарды мерекеге сай безендіру, ата-аналармен көрмелер ұйымдастыру, педагогтардың аудандық, облыстық деңгейдегі өтіп жатқан сайыстарға қатысуын бақылау туралы айтты.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Мектепке дейінгі білім беру ансында инновациялық ҰІӘ өткізілсін.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

2. Біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтердің кәсіби тәжірибесінің нәтижесі портфолиесын дайындау бойынша жұмыстарды басшылыққа алу

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер

3. Тақырыптық бақылау нәтижесіндегі кемшіліктер түзетілсін.
   Жауаптылар:әдіскер,тәрбиешілер
   Мерзімі:тұрақты

Педкеңес төрайымы **Байходжаева Л.М.**

Педкеңес хатшысы **Ақшалова Ж**